

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Педагогика және психология негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қоршаған орта құбылыстарының біртұтас көрінісін беретін психикалық процесс

- A) ойлау
- B) қиял
- C) сезіну
- D) қабылдау
- E) ес

2. Адамның табиғат пен қоғамдық өмір туралы көзқарастарының жүйесі

- A) дүниетаным
- B) қызығушылық
- C) тұлға бағыттылығы
- D) мұрат
- E) түрткі

3. Қоршаған ортаны қорғаудың негізі _____ басталады

- A) экологиялық тәрбиеден
- B) еңбек тәрбиесінен
- C) патриоттық тәрбиеден
- D) дене тәрбиесінен
- E) адамгершілік тәрбиесінен

4. Ақыл-ой тәрбиесінің негізгі құралы

- A) оқыту
- B) ойлау
- C) таным
- D) салыстыру
- E) тәрбиелеу

5. Тәрбие әдістері

- A) тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара байланысты іс-әрекет жолдары
- B) жеке адамды жан-жақты дамыту жолдары
- C) адам бойындағы бір қасиетке сүйену
- D) бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас
- E) баланы өмірге дайындау жолдары

6. Бала әрекетін дамытудың негізгі құралы

- A) ойын
- B) жаттығу
- C) сендіру
- D) пікірталас
- E) түсіндіру

7. Мінез-құлықтарының кемшіліктерін жою үшін баланың өзін-өзі тәрбиелеу әрекеті

- A) өзіне баға беру
- B) өзіндік есеп беру
- C) өзін-өзі бақылау
- D) өзін-өзі сендіру
- E) өзін-өзі жазалау

8. Жеке адамның дамуына әсер ететін мақсат көзделінген процесс

- A) орта
- B) мектеп
- C) тәрбиелік іс-шаралар
- D) тұқымқуалаушылық
- E) тәрбие

9. «Ұстаздық дастанның» авторы

- A) А.С.Макаренко
- B) И.А.Каиров
- C) А.Байтұрсынов
- D) Я.А.Каменский
- E) В.А.Сухомлинский

10. Дидактиканың жауап беретін сұрақтары

- A) нені? қалай?не үшін?
- B) қалай оқыту?
- C) қашан? қайда?
- D) неліктен?
- E) қандай қажеттілікпен?

11. Педагогикалық шеберліктің негізгі компоненті

- A) техника
- B) сана
- C) ұстаздық талант
- D) шеберлік
- E) құзыреттілік

12. Баланың өзін-өзі анықтауының қалыптасу кезеңі

- A) жоғарғы мектеп жасы
- B) 10-15 жасы
- C) орта мектеп жасы
- D) кіші мектеп жасы
- E) мектепке дейінгі шақ

13. 12 жылдық білім беру бағдарламасы қарастыратын деңгейлер

- A) үш деңгей
- B) екі деңгей
- C) бес деңгей
- D) алты деңгей
- E) төрт деңгей

14. Оқу – тәрбие процесінде баланың жас ерекшелігін ескеруді алғаш ұсынған педагог

- A) Я.Коменский
- B) Л.С.Выготский
- C) А.Құнанбаев
- D) Ш.Уалиханов
- E) Ә.Табылдиев

15. Адамның өз тұлғасын қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға мақсатты, саналы, жүйелі түрде жүргізетін іс-әрекеті

- A) Өзін-өзі тәрбиелеу
- B) Өзін-өзі түзету
- C) Өзіне-өзі бұйыру
- D) Өзін-өзі бақылау
- E) Өзін-өзі үйрету

16. Балаларды қоғамның саяси өмірінің негіздерімен таныстыру, өзінің азаматтық міндеттерін орындау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді

- A) Әлеуметтік тәрбие
- B) Құқықтық тәрбие
- C) Экологиялық тәрбие
- D) Азаматтық тәрбие
- E) Эстетикалық тәрбие

17. Балалардың ақыл-ой күштері мен қабілеттерін дамыту, ой еңбегін игерту арқылы қоғам, табиғат, адам туралы ғылыми білімдер жүйесін меңгеру үдерісіне мақсатты ықпал ету

- A) Әлеуметтік тәрбие
- B) Ақыл-ой тәрбиесі
- C) Адамгершілік тәрбиесі
- D) Азаматтық тәрбие
- E) Эстетикалық тәрбие

18. Тәрбиеленушілердің бойында адамгершілік сапаларды қалыптастыру мақсатында олардың сана-сезіміне, мінез-құлқына мақсатты, жүйелі әсер ету

- A) Әлеуметтік тәрбие
- B) Ақыл-ой тәрбиесі
- C) Адамгершілік тәрбиесі
- D) Азаматтық тәрбие
- E) Эстетикалық тәрбие

19. Тәрбие мақсаты мен міндеттеріне сай тәрбиеленушілердің меңгеруі тиіс білімдер, сенімдер мен дағдылар, тұлғалық сапалар мен тұрақты мінез-құлық әдеттерінің жиынтығы

- A) Тәрбие құралы
- B) Тәрбие әдісі
- C) Тәрбие мазмұны
- D) Тәрбие заңдылығы
- E) Тәрбиенің идеалы

20. Арнайы белгілері арқылы құрастырылған әдістер жүйесі

- A) Әдістердің қолданылуы
- B) Ұйымдастыру формалары
- C) Педагогикалық ықпал
- D) Педагогикалық үдеріс
- E) Әдістердің жіктелуі

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Құқық және экономика негіздері
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Тауардың қандай да бір адамның қажеттілігін қанағаттандыру қасиеті

- A) Тұтыну құны
- B) Айырбас құны
- C) Тауар құны
- D) Нарық құны
- E) Ақша құны

2. Қажеттілік бұл

- A) Адамдардың жеке тұлғасына сәйкес жетіспеушілік
- B) Адамдардың психологиялық ерекшелігі
- C) Адамдардың өмір сүру салтын анықтайтын қасиеті
- D) Адамдардың тұтынатын тауарлар мөлшерлері
- E) Өнім өндірушілер арасындағы бақталастық

3. Құрылымдық–дүниежүзілік нарыққа

- A) Аймақтық нарықтар
- B) Техникалар нарығы
- C) Капиталдар, ҒТП жетістіктер нарығы
- D) Тауарлар мен қызметтер нарығы
- E) Аралас нарықтар

4. Экономикалық циклдің пайда болуында шешуші рөлді

- A) Тұтынушылық сұраныспен инвестициялық ұсыныс
- B) Тұтынушылық сұраныспен инвестициялық сұраныс
- C) Өндірушілік сұраныспен инвестициялық ұсыныс
- D) Тұтынушылық сұраныспен өндірушілік ұсыныс
- E) Инвестициялық ұсыныс пен өндірушілік ұсыныс

5. Жеке адам және заңды тұлғалар

- A) Құқық қатынастарының субъектілері
- B) Құқық қатынастарының объектілері
- C) Құқық қатынастарының субъективті жағы
- D) Құқық қатынастарының объективті жағы
- E) Құқық қатынастарының институттары

6. Тауар құнының мөлшерін өлшеу үшін пайдаланатын ақша бірлігі

- A) Валюта
- B) Вексель
- C) Лизинг
- D) Факторинг
- E) Инвестиция

7. Азаматтық әрекет қабілеттілігі

- A) Азаматтық құқықтарға ие және оны жүзеге асыруға
- B) Азаматтардың жас шамасына қарамай әрекет ету мүмкіндігі
- C) Азаматтардың заңсыз әрекеттері
- D) Азаматтардың еріксіз әрекеттері
- E) Азаматтардың заң шеңберіндегі әрекеттері

8. Меншік экономикалық категория ретінде

- A) Адамның материалдық және рухани игіліктерді иеленуі, билеуі, пайдалануы
- B) Адамның материалдық және рухани игіліктерді иеленуі
- C) Игіліктерді иеленуге қатысты адамдар арасындағы қатынастар
- D) Игіліктерді иеленудің экономикалық негіздері
- E) Мемлекеттің нарықтық қатынастарды басқаруы

9. Бірнеше фирма бірдей тауарлар сататын және бірде-бір фирма нарықтық бағаны өзгертуге әсер ете алмайтын нарық

- A) Жетілген бәсеке нарығы
- B) Монополия нарығы
- C) Монополистік бәсеке нарығы
- D) Олигополистік нарық
- E) Жетілмеген бәсеке нарығы

10. Құқықты жүзеге асырудың ерекше тәсілдерінің бірі: құқықты сақтау тәсілінің мәні

- A) Тиым салынған әрекетті жасаудан бас тарту
- B) Жүктелген міндетті жүзеге асыру үшін белсенді әрекет жасау
- C) Тұлға құқықтар мен бостандықтарды пайдалана ма, жоқ па өз еркі
- D) Билік қызметін жүргізу арқылы жүзеге асырылады
- E) Тиым салынған әрекетті жасау

11. Кейбір мұражайларда отандық азаматтарға қарағанда шетелдік азаматтарға мұражайға кіру құны едәуір жоғары, бұндай жағдайға мысал болады

- A) Бағадағы кемсітушілік
- B) Осы саладағы монополия
- C) Мемлекеттік реттеудің болмауы
- D) Шетелдіктердің байлығы
- E) Жетілген бәсекенің үлгісі

12. Отандық өндірушілерді шетелдік бәсекелестерден қорғау саясаты

- A) Протекционизм
- B) Еркін сауда
- C) Жасырын сауда
- D) Монетарлық саясат
- E) Қазыналық саясат

13. Табиғи монополия

- A) Тұтынушыларға газ тасымалдау, жылу қуатын, байланыс, көлік қызмет саласындағы, энергия қуатын тасымалдау және т.б. фирмалар
- B) Өз шеңберіндегі тұтынушылардың сұранысының ұсыныстан уақытша артуы жағдайында пайда болады
- C) Фирмалардың бірігуі және келісу нәтижесінде пайда болады
- D) Өтім нарығы бойынша ұйымдастыру монополиялары
- E) Өндірушілер арасындағы кез келген келісімге тиым салу

14. Барлық елдердің сыртқы сауда операциясын жүзеге асыратын сала –бұл

- A) Халықаралық нарық
- B) Ұлттық нарық
- C) Аймақтық нарық
- D) Биржа нарығы
- E) Валюта нарығы

15. Халықтың ұдайы өсіп отырмауының салдары

- A) Байырғы халық санының азаюы
- B) Байырғы халық санының бір қалыпты дамуы
- C) Ерлер санының көбейюі
- D) Шетел азаматтарының көбеюі
- E) Азаматтардың шетелге қоныс аударуы

16. Экономикалық өсудің интенсивті типі

- A) Сапалы өсуді болжайды
- B) Сандық өсуді болжайды
- C) Жеделдетілген өсуді болжайды
- D) Тұрақты өсуді болжайды
- E) Баяу өсуді болжайды

17. Макроэкономикалық тұрақсыздықтың белгісі ретінде нақты ЖІӨ-нің экономикалық белсенділік деңгейінің үнемі толқып және ауытқып отыруы

- A) Экономикалық цикл
- B) Экономикалық құлдырау
- C) Экономикалық көтерілу
- D) Экономикалық өрлеу
- E) Экономикалық жандану

18. Жер рентасы барлық тең шарттар жағдайында өседі, егер

- A) Жерге сұраныс артса
- B) Жер бағасы төмендесе
- C) Жерге сұраныс азайса
- D) Жерге ұсыныс артса
- E) Жерге ұсыныс азайса

19. Барша халықтың өмірлік мүдделерін жоққа шығаратын, өз шешімін табу үшін ұжымдасып күш салуды талап ететін ғаламдық мәселелер

- A) Экономикалық артта қалу, демографиялық мәселе, азық-түлік мәселесі, ресурстар мәселесі, экологиялық мәселе, конверсия мәселесі
- B) Діни сауатсыздық, экологиялық мәселе, азық-түлік мәселесі, ресурстар мәселесі, демографиялық мәселе
- C) Білім жүйесінде, демографиялық тоқырау, азық-түлік мәселесі, ресурстар мәселесі, экологиялық мәселе, конверсия мәселесі
- D) Экономикалық артта қалу, демографиялық мәселе, денсаулық мәселесі, азық-түлік және ресурстар мәселесі
- E) Демографиялық мәселе, денсаулық, отбасылық мәселесі, конверсия мәселесі, экологиялық мәселе

20. Экономикалық циклдің фазасы

- A) Тұрақтандыру
- B) Өрлеу
- C) Инфляция
- D) Инвестициялау
- E) Үздіксіз өсу

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Дүниежүзілік нарық құрылымы

- A) Тауар және қызмет нарығы
- B) Жұмысшы күші нарығы
- C) Эмиссиялық ақша нарығы
- D) Тауарға дүниежүзілік баға нарығы
- E) Жобалау нарығы
- F) Жұмысшы күші және тауар нарығы

22. Экономикалық теорияның атқаратын қызметтері

- A) Танымдық, практикалық
- B) Болжамдық, дүниетанымдық
- C) Методологиялық
- D) Классикалық
- E) Технологиялық
- F) Индукциялық
- G) Дедукциялық

23. Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша.....құқығы

- A) Иелену
- B) Пайдалану
- C) Билік ету
- D) Айырбастау
- E) Жойып жіберу
- F) Сақтау

24. Экономикалық циклдің түрлерін ажыратудың объективті негіздері мыналар бола алады

- A) Капиталдың жекелеген бөліктерінің жаңарып отыру кезеңділігі
- B) Негізгі капитал элементтерінің үнемі жаңарып отыруын сипаттайтын өзгерістер
- C) Демографиялық үрдістермен шартталатын өзгерістер
- D) Капиталдың жаңарып отыруын тежеу
- E) Өндірістің дамуы мен тауарға деген сұраныстың өсуі
- F) Өндірістің дамуы мен тауарға деген ұсыныстың өсуі

25. Шағын және орта бизнестің әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандыру үшін келесідей мәселелер өз шешімін табуы тиіс

- A) Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін тимді мамандандыруды жүзеге асыру
- B) Ауыл шаруашылық өнімінің жоғары сапалылығын және экспорттық әлеуетінің өсуін қамтамасыз ететіндей өндірістік үрдістерге жаңа технология мен техникаларды енгізу және пайдалану
- C) Тұтыну нарығын тепе-тең түрде дамыту мақсатында, тұтыну заттарын өндіретін ауыл шаруашылығының және өнеркәсіп салаларының материалдық-техникалық базасын нығайту, міндетті түрде өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды құру
- D) Мемлекеттік еңбек нарығы тек құқықты мамандық таңдау еркіндігіне кепілдік беруі тиіс
- E) Мемлекет тарапынан тегін медициналық көмек берілуін қамтамасыз етуді көздеуді
- F) Мемлекет тарапынан әлеуметтік көмекті қажет ету жүйесін қалыптастыру

26. Ірі фирмалар ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерді жүргізуге мүмкіншілігі әлдеқайда көп болса да, күрделі басқару пирамидалары себебінен

- A) Инновациялық процесс баяу атқарылады
- B) Сыртқы орта әсеріне икемсіз болып келеді
- C) Бәсекеге тойтарыс бере алмайды
- D) Нарықты зерттеуде икемсіз болып келеді
- E) Бағаны реттеу процесі баяу жүреді
- F) Сыртқы орта әсеріне тез бейімделеді

27. Ақшаның атқаратын қызметтері

- A) Құн өлшеуіш, дүниежүзілік ақшалар
- B) Төлем құралы, қазына жинау құралы
- C) Айырбас құралы, қазына жинау құралы
- D) Тасымал құралы, дүниежүзілік ақшалар
- E) Сатып алу-сату, құн өлшеуіш
- F) Тасымал құралы, сатып алу-сату

28. Кәсіпкерлік нысаны бойынша екіге бөлінеді

- A) Ұжымдық-құқықтық
- B) Ұжымдық-экономикалық
- C) Құқықтық-экономикалық
- D) Әлеуметтік-саяси
- E) Әлеуметтік-экономикалық
- F) Ұжымдық саяси

29. Нарықтық қатынастарға көшкен елдерде табыстардың барлығы екі үлкен топқа бөлшектенеді

- A) Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс
- B) Еңбектен түскен табыс
- C) Заңды негізде алынған еңбексіз табыстар
- D) Қоғамдық ұйымдар мен қорлар табысы
- E) Мемлекеттік ұйымдар табысы
- F) Заңсыз негізде алынған еңбексіз табыстар

30. Ақша айналымының жылдамдылығы

- A) Ақша жиынының жылына орташа жасайтын айналымының саны
- B) Шынайы өнім көлемінің орташа жылдық жасайтын айналымының саны
- C) Қордағы фирма инвестицияларының орташа жылдық жасайтын айналым саны
- D) Өте тұрақсыз
- E) Өлшеу мүмкін емес
- F) Баға деңгейін өсіреді
- G) Өнім көлемін өсіреді

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

«Жасыл» экономика (GEI) бойынша БҰҰ бастамасы 2008 жылы қаржы-экономикалық дағдарысқа жауап ретінде бастау алып, БҰҰ Бас хатшысы және БҰҰ жүйесі басшыларының Үйлестіру кеңесі ұсынған тоғыз Бірлескен дағдарыс бастамасының бірі болды. Халықаралық бастама өз жалғасын тапты, және Қазақстанда «жасыл» экономикаға көшу бойынша Тұжырымдама жасауды тапсырған Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың қолдауымен қолға алынды. Тұжырымдаманы жүзеге асыруды үш кезеңде жүзеге асыру жоспарланған:

Бірінші кезеңде (2013–2020 жж.) ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғатты қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылым құру жоспарланған.

Екінші кезең (2020–2030 жж.) табиғат ресурстарын рационалды пайдалану, жоғары технологиялар базасындағы жаңартылмалы энергетиканы енгізу.

Үшінші кезеңде «үшінші өнеркәсіптік революция» принциптеріне көшуі жүзеге асырылады.

31. «Жасыл» экономикаға көшу аясында келесі мақсаттарға қол жеткізу күтілуде

- A) Ресурстардың тиімділігін арттыру, қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру, халықтың әл-ауқатын жақсарту
- B) Жұмыс орындарын құру және сәйкес саясат қалыптастыру есебінен халықты жұмыспен қамту
- C) Шағын инновациялық фирмаларды ғылыми идеядан практикаға жеткізу
- D) Бәсеке күресіне төтеп бере алатын кәсіпорын дәрежесіне жеткізу
- E) Қоғам мүшелерінің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру

32. «Жасыл» экономика – бұл

- A) Табиғи қорларды тиімді пайдалануға бағытталған экономика
- B) Қоғамдық-саяси жүйенің серпінді дамуын қамтамасыз ету
- C) Өндірісті құлдыраудан сақтауға бағытталған экономика
- D) Бәсеке күресіне төтеп бере алатын кәсіпорын дәрежесіне жеткізу
- E) Өмір сүру деңгейін қажетті деңгейде сақтап қалу

33. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту-бұл

- A) Көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді
- B) Өндірісті құлдыраудан сақтау
- C) Шағын инновациялық фирмаларды ғылыми идеядан практикаға жеткізу
- D) Бәсеке күресіне төтеп бере алатын кәсіпорын дәрежесіне жеткізу
- E) Экожүйелердің маңыздылығын және ұлттық экономикалық өмірдегі орталық орнын түсіну болып табылады

34. «Жасыл экономика» бойынша негізгі принцип

- A) «Жасыл» жұмыс орындарын құру және халықты жұмыспен қамту
- B) Өндірісті құлдыраудан сақтау
- C) Ұлттық экономикалық өмірдегі орталық орнын түсіну
- D) Азаматтардың экономикалық және қоғамдық дамуға дағдылануы
- E) Өмір сүру деңгейін қажетті деңгейде сақтап қалу

35. «Жасыл» экономиканың маңызды мақсаты

- A) Экожүйелердің маңыздылығын түсіну болып табылады
- B) Шағын инновациялық фирмаларды ғылыми идеядан практикаға жеткізу
- C) Азаматтардың экономикалық және қоғамдық дамуға дағдылануы
- D) Қоғам мүшелерінің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру
- E) Өмір сүру деңгейін қажетті деңгейде сақтап қалу

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Дүниежүзілік тәжірибеге қарайтын болсақ, шағын инновациялық кәсіпкерлік қызметіне және дамуына ең қолайлы жағдай ғылыми технологиялық орталықтарда, инкубаторларда, технопарктерде, технополистерде ұйымдастырылады екен. Бұл ұйымдар шағын инновациялық кәсіпорындарды бір «шатырдың астында» «бір қалада шоғырландырып», оларға ғылыми-техникалық зерттеу зертханаларын, өндіріс-тәжірибелік цехтарын және жалға бөлмелер ұсынады. Бұл жерде мемлекеттік қаржы, коммерциялық банктер және венчурлы қорлар қаржылары шоғырланады.

36. Сыртқы орта өзгерістеріне тез икемделіп, жауап қайырып, процесс бағытын жылдам өзгертуге қабілетті кәсіпкерлік

- A) Шағын инновациялық кәсіпкерлік
- B) Ірі фирмалар
- C) Серіктестер
- D) Акционерлік қоғамдар
- E) Инкубатор

37. Технопарк шағын инновациялық кәсіпорындарға

- A) Бухгалтерлік, аудиторлық, консалтингтік, маркетингті қызметтер ұсынып отырады
- B) Бухгалтерлік, құқықтық, консалтингтік, басқару қызметтерін ұсынып отырады
- C) Аудиторлық, консалтингтік, бюджеттік қызметтер ұсынып отырады
- D) Қаржы, аудиторлық, консалтингтік қызметтер ұсынып отырады
- E) Қаржы, консалтингтік, маркетингтік қызметтер ұсынып отырады

38. Жеке қала негізінде құралған ғылыми-өндірістік құрылым

- A) Технополис
- B) Инкубатор
- C) Технопарк
- D) Фирма
- E) Бизнес орталығы

39. Ғылыми-өнеркәсіптік құрылымның негізгі мақсаты

- A) Шағын инновациялық фирмаларды ғылыми идеядан практикаға жеткізу, бәсеке күресіне төтеп бере алатын кәсіпорын дәрежесіне жеткізу
- B) Кепілденген әлеуметтік қорғау мен қолдау көрсету жолымен қоғамдық-саяси жүйенің серпінді дамуын қамтамасыз ету
- C) Өндірісті құлдыраудан сақтау
- D) Қоғам мүшелерінің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру
- E) Өмір сүру деңгейін қажетті деңгейде сақтап қалу

40. Шағын бизнес фирмаларының қызмет етуіне тиімді, ыңғайлы жағдай қалыптастыратын ғылыми-техникалық аумақтық кешен

- A) Технопарк
- B) Инкубатор
- C) Технополис
- D) Фирма
- E) Бизнес орталығы

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.